

Банктің корпоративтік сайты арқылы ағымдағы шотты қашықтан ашу және клиентті тиісті тексеру үшін қажетті құжаттар тізбесі

Клиентпен толтыруға/ресімдеуге арналған құжаттар бланкілері

- FATCA бойынша сауалнама (Өтінімде қоса берілген нысан бойынша)

Клиентті тиісті тексеру шеңберінде қажетті құжаттар.

- Клиент (филиал немесе өкілдік) басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Құрылтай құжаттарының көшірмелері және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірмелер;
- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі (берілген сәттен бастап 10 күн өтті). Егер клиенттің нақты мекенжайы тіркеу орнынан өзгеше болса, орналасқан жерін куәландыратын құжат;
- Есептік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу туралы анықтама (заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін);
- Тұлғалардың құжаттарға қол қою құқығын, шот бойынша ақшамен операциялар жасауға өкілеттігін растайтын құжат (тағайындаулар туралы бұйрықтар, хаттамалардың көшірмелері, заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімдері);
- Жарғылық капиталға қатысу үлесінің 25%- дан астамы тікелей немесе жанама тиесілі жоғары органның, бенефициарлық меншік иесінің (иелерінің) құрамына кіретін жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмелері;
- Егер құрылтайшы бейрезидент заңды тұлға болып табылған жағдайда, сауда тізілімінен үзінді көшірме, не бейрезидент заңды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, тіркелген күні мен орны туралы ақпаратты қамтитын ұқсас сипаттағы басқа құжат белгіленген тәртіппен ұсынылады.
- Егер жүзеге асырылатын қызмет лицензияланатын болса, лицензиялар, рұқсаттар ұсыну қажет.

Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары мен олардың филиалдары мен өкілдіктері, Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғалары үшін ағымдағы шот ашу үшін қажетті құжаттар:

- қоғамдық немесе діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктері үшін– қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланған (тағайындалған) қоғамдық немесе діни бірлестіктің филиалы немесе өкілдігі басшысының өкілеттігін растайтын құжаттар;
- заңды тұлғалардың өзге де ұйымдық-құқықтық нысандарындағы филиалдары мен өкілдіктері үшін– заңды тұлға филиалдың немесе өкілдіктің басшысына берген сенімхаттың көшірмесі;
- мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін – «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4

желтоқсандағы № 540 бұйрығына сәйкес бюджетке салықтар мен төлемдер түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның рұқсаты;

Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғалар үшін ағымдағы шот ашу үшін қажетті құжаттар:

- сауда тізілімінен үзінді көшірменің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі не резидент емес-заңды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, тіркелген күні мен орны туралы ақпаратты қамтитын, қазақ немесе орыс тіліне нотариат куәландырған аудармасымен және қажет болған жағдайда заңдастырылған, не апостиль қойылған ұқсас сипаттағы басқа құжат;

Шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктер үшін ағымдағы шот ашу үшін қажетті құжаттар:

- дипломатиялық және консулдық өкілдіктің тіркелгенін растау туралы нотаның көшірмесі.